



ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мемлекет басшысы Пәкістан Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы генерал Асим Мунирді қабылдады.

Кездесуде қорғаныс және әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық, сондай-ақ екі ел арасындағы байланыстарды дамыту мәселелері талқыланды.

Президент Қазақстанның Пәкістанды Оңтүстік Азиядағы маңызды серіктесі ретінде қарастыратынын атап өтті. Сонымен қатар екіжақты қарым-қатынастардың оң қарқынмен дамып келе жатқанына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, екі елдің экономикалық, соның ішінде сауда, көлік және логистика салаларындағы байланыс-

тарын одан әрі ілгерілетуге айтарлықтай әлеуеті бар.

Асим Мунир Мемлекет басшысына Пәкістанның Премьер-министрі Шахбаз Шарифтің ықпалын жеткізді. Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы Қазақстан мен Пәкістанның қорғаныс ведомстволары арасындағы ықпалдастықты жоғары бағалады.

Әңгімелесу барысында екіжақты ынтымақтастықты өркендетуге тың серпін берудің, экономиканың түрлі секторындағы өзара мүдделге сай келетін мүмкіндіктерді толық жүзеге асырудың маңызына назар аударылды.



СЕРПІН БЕРЕР СЕРІКТЕСТІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Хорватияның Сыртқы және еуропалық істер министрі Гордан Грлич-Радманмен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, Гордан Грлич-Радманның бұл сапары Хорватияның екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беруге ниетті екенін көрсетеді. Мемлекет басшысы екі ел арасындағы ықпалдастық өзара сенім мен сындарлы диалог рухында дами беретініне сенім білдірді.

Президент хорват компаниялары Қазақстан нарығында энергетика, инфрақұрылым, фармацевтика және тамақ өнеркәсібі сияқты салаларда жұмыс істеуге қызығушылық танытып отырғанын айтты. Қазір елімізде Хорватияның

үлесі бар 30-дан астам компания табысты қызмет етеді. Олардың қатарында Pliva және Podravka секілді танымал брендтерді айтуға болады.

Мемлекет басшысы бүгінгі Қазақ-хорват бизнес форумына Хорватияның көптеген ірі бизнес өкілі қатысып жатқанын қолдады. Жиын аясында қол жеткізілген келісімдер сауда-инвестициялық ынтымақтастықтың өрісін кеңейтуге ықпал ететініне тоқталды.

Бұдан бөлек, кездесуде мәдениет және білім салаларындағы байланыстарды нығайту перспективасы талқыланды.

КӨҢІЛ АЙТУ

Мемлекет басшысы Үндістанның Премьер-министріне көңіл айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Нарендра Модиге Үндістанның солтүстігінде орналасқан Пахалгам қаласындағы лаңкестік әрекет салдарынан бейбіт тұрғындардың қаза табуына байланысты көңіл айту желелхатын жолдады.

Президент халыққа қарсы жасалған бұл зорлық-зомбылықты қатаң айыптайтынын жеткізіп, зардап шеккен азаматтардың тезірек сауығып кетуіне тілектестігін білдірді.



ЖУАС МОПЕДШІ ЖОЛҒА ЖАЙЛЫ

Биылғы басты оқиғаның бірі – «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында көліктің бір түрінің иелерін тәртіпке келтіру болғалы тұр. Бұрын мопедтер елге велосипед сияқты тауар ретінде тасылды, енді «механикалық көлік құралына» теңестірілді. Сәуірдің басында мопедтерді тіркеу тәмамдалды. Тіркеліп үлгермегені тәркіленбек. Содан мопедті жалға беретін орындар жабыла бастады. Салада өзге де өзгерістер болып жатыр.

→ 4

«100 КІТАП»: ҰЛТТЫҚ САУАЛНАМА БАСТАЛДЫ

«Ұлттық кітап күніне» орай Астанадағы Президент орталығында «Astana Eurasian Book Fair-2025» VIII Халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі өтті.



«Фолиант» баспасы» ұйымдастырып отырған іс-шараға Қазақстан, Ресей, Түркия, Испания, Иран, Өзбекстан, Португалия және Қытай

елдерінен келген 70-ке жуық баспа, кітап сату, танымдық-ғылыми білім беру мекемелері және полиграфиялық компаниялар қатысты. Көрмеге Ұлт-

тық құрылтай Төрағасының орынбасары, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин келіп, залдарды аралап көрді. Сондай-ақ алғаш өтіп жатқан «Ұлттық кітап күні» мерекесі аясындағы жаңа бастаманы жария етті.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былтыр Ұлттық құрылтайдың отырысында «Ұлттық кітап күнін» белгілеу идеясын қолдады. Президент: «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деп айтқан еді. Бүгін біз алғаш рет «Ұлттық кітап күнін» атап өтіп отырмыз. Осынау айтулы күні төл әдебиетіміздегі 100 таңдаулы кітапты айқындауға арналған жалпыұлттық сауалнама басталды. Бұл тізім кітап оқуға деген қызығушылықты арттырады және әдебиетімізді дамытуға ықпал етеді деп ойлаймын», – деді.

(Жалғасы 3-бетте)

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІ ҚАЛАЙ?

Әлеуметтік кәсіпкерлік – елімізде енді бой көтеріп келе жатқан жаңа бағыттың бірі. Бұл салаға қатысты заң 2022 жылы қабылданды. Әлеуметтік бизнес деп – қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған, тұрақтылықты көздейтін және көпшілік назарынан тыс қалып жүрген маңызды түйткілдерді шешуге тырысатын кәсіпті айтамыз. Бұл – жүректен туған кәсіп, жанға жақын миссия. Мұндай кәсіпкерлер экономикалық өсімге ғана емес, адамзаттық құндылықтарға да үлес қосады. Әлеуметтік осал топтағы азаматтардың қоғамға бейімделіп, жұмыспен қамтылуын да елімізде тек әлеуметтік кәсіпкерлер жүзеге асыруда.



→ 5

